

Этил спирті мен арақ импортының көлемін орналастыруға лицензия алудың конкурстың шарттары

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1997 жылғы 12 тамыздағы N 153. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 360. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

- 1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 211 бұйрығына қосымша*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

- 3. "Этил спирті мен арақ импортының көлемін орналастыруға лицензия алудың конкурстық шарттарын" бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1997 жылғы 12 тамыздағы N 153 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 қыркүйекте N 360 тіркелген)...*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында этил спирті мен арақтың импортын лицензиялау туралы" 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 қаулысының орындалуы үшін бұйырамын:

Өтінім берушілер арасында "Этил спирті мен арақ импортының көлемін орналастыруға лицензия алудың келесі конкурстың шарттары бекітілсін:

1) Этил спирті мен арақ импортының көлемін алудағы конкурса экономика және Сауда министрлігінің этил спирті мен алкоголь өнімдерінің импортын лицензиялау жөніндегі комиссиясына (бұдан былай - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 P971031_ қаулысымен айқындалған құжаттардың толық пакетін тапсырған барлық өтінім берушілер тең құқымен қатыса алады.

Этил спирті импортының конкурсына тек, алкоголь өнімдері өндірісіне лицензия тапсырған өтінім берушілер қатысады.

2) Комиссия бекітілген импорт көлемін (санымен алғандағы) және аталмыш импорт көлемін орналастыруға арналған конкурстың өткізілуі мерзімін көрсете отырып, конкурстың өткізілуі мен шарттары туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабар конкурстың басталу мерзімінен 15 күн бұрын беріледі.

3) Конкурстың әрбір қатысушысы жарияланған конкурса бір ұсыныс бере алады.

4) Конкурса қатысушы құжаттарды дайындап ұсынуға кететін шығындардың барлығын өзі көтереді.

5) Комиссия лицензия алуға ұсынылған құжаттарды тоқсанның алғашқы он күні ішінде қабылдайды.

Аталмыш мерзімнен кейін берілген арыздар жалпы негізде, келесі тоқсанның бірінші он күндігінде кезекті қарауға қабылданады.

Конкурса қатысып, одан өте алмаған өтінім берушілер келесі конкурстарға қатысу үшін қата арыз бере алады.

6) Комиссия, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысында және осы бұйрықтың 9-шы тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес ұсынылған құжаттарды бағалап, салыстырады.

7) Комиссия, конкурстың құжаттары конкурс шарттарына сай келген қатысушыларға лицензия беру жайлы шешім шығарады. Бұл ретте конкурса қатысушының қаржылық, техникалық және өндірістік мүмкіндігі ескеріледі.

8) Этил спирті және арақтың енгізуге рұқсат етілген көлемін бөлгенде, басымдық алатын импорттаушылар:

а) жоғары сапалы өнімді әкелушілер (медалі, дипломы және басқалары барлар);

б) инвестиция берушілер және Қазақстан аумағында жұмыс орнын жасаушылар;

в) арақ әкелген жағдайда - алкоголь өнімдері өндірісіне лицензиясы жоқ, өтінім берушілер;

г) салық және кедендік жеңілдіктері жоқтар;

д) мемлекеттік бюджет пен Зейнетақы қорына қарызы жоқтар;

е) алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме сатуға лицензиясы барлар.

9) Этил спирті мен арақтың импортқа рұқсат етілген көлемі экономикалық жөніне қарай тоқсан бойынша бөлінеді. Бұл ретте этил спирті мен арақтың импортталатын көлемнің жылдық үлесі оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында бір жылдық сатып өткізу көлемінің (саны бойынша) 20 процентінен аспауға тиісті.

10) 9-шы тармақта көрсетілген талаптар ескеріліп конкурстан өткен екі немесе одан да көп өтінім берушілер болғанда олардың арасында импорт көлемі б ы л а й б ө л і н е д і :

- этил спирт үшін - бүгінгі өндіріс қуаты және өндіріс технологиясы ескеріле отырып (Стандарттау жөніндегі агенттіктің қорытындысы);

- араққа - беруші аймақтар ескеріле отырып, басқа қатысушылардың жазбаша келісімі болғанда, тең көлемде, немесе біреуінің немесе бірнешеуінің пайдасына о р а й .

11) Өтінім беруші бұрын алынған лицензияда көрсетілген импорт көлемін толық пайдалана алмаған жағдайда, босаған квоталар жаңа лицензия бергенде п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

12) Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

13) Лицензия қолданыстағы рет-жөнімен беріледі.

Вице-Министр